

**ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық
мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне өткізілген
«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл»
тақырыбындағы семинар хаттамасы**

Астана қ.

2 наурыз 2023 жыл

№ 1

Төраға: М.Е. Адамова – ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры

Қатысқандар: Мекеменің орталық басшылары, қызметкерлері.
Барлығы-13

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты (ҮББ-4) өзгерістер мен толықтырулар туралы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық жобасын қарап, бекіту.

Тыңдалды:

1. ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры М.Е. Адамова сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау туралы айтып өтті. Сондай-ақ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңға енгізілген өзгерістер туралы, оның қойылған міндеттеріне де тоқталды.

Әкімшілік жұмыстар бөлімінің басшысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкіл А.Б. Токбаева ҚР ОАМ Заң департаментімен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілдері бірлесіп өткізген семинарындағы «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты (ҮББ-4) өзгерістер мен толықтырулар туралы баяндады.

Осы жоба аясында Мекеменің 2023 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың мамыр-маусым айына мекеменің ішкі актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу жоспарланды.

2. Директор М.Е. Адамова Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидалары, 2023 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары пысықталып, әр жыл сайын Институттың <http://irrd.kz> сайтында жарияланып отыратынын атап өтті.

Сонымен бірге Мекеме қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық жобасын бекіту туралы шешім қабылдады. Нұсқаулықта пара ұсынуға, бопсалауға, әріптестеріне қатысты сыбайлас жемқорлықтың белгілі фактілері туралы хабарлауға

қатысты, сыбайлас жемқорлық жағдайы туындаған жағдайда қызметкерге арналған ұсыныстар жүйесі, іс-қимыл алгоритмі жазылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкіл А.Б. Токбаеваға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, алдын-алу мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын тұрақты негізде жүргізіп отыру тапсырылды.

Төраға, директор



М.Е. Адамова

**Әкімшілік жұмыстар
бөлімінің басшысы,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкіл**



А.Б. Токбаева